

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

**Әдістемелік кеңес хаттамасы  
2023-2024 оқу жылы**

2023-2024 оқу жылы

# ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

## Хаттама №1

Өткізілген күні: 15.09.2023 жыл

Қатысқандар: 22

Әдістемелік кеңестің №1 отырысы

*Күн тәртібінде:*

1. Заттық-пәндік дамыту ортасының маңызы және оны ұйымдастыруға қойылатын талаптар.
2. Топ бөлмелеріндегі дамыту орталықтарының түрлері және орналасу ерекшеліктері, дамыту орталықтарын тиімді пайдалануда инновациялық тәсілдер.

**1. Тындалды:** Балабақша әдіскері А.Ж Ахметова сөз сөйлеп, заттық-пәндік дамыту орталықтарын орналастыру және тиімді ұйымдастырудың мақсаты: балалардың жас ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және қауіпсіздігін ескере отырып, топ бөлмесінде заттық-пәндік дамыту орталықтарын тиімді орналастыру арқылы олардың танымдық, шығармашылық әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ету. Заттық-пәндік дамыту ортасының баланың жас ерекшелігіне сай дамуына, дербестігі мен шығармашылығын арттырудағы рөлі туралы айтты. Дамыту ортасын ұйымдастыруда қауіпсіздік, қолжетімділік, жүйелілік және эстетикалық талаптардың маңыздылығы атап өтілді.

**2.Сөз сөйледі:** Тәрбиешілер Г. Смагулова және Р. Аманғосова тәжірибелерімен бөлісіп, топ бөлмелерінде келесі дамыту орталықтарының ұйымдастырылуы жөнінде ақпарат берді:

Құрылыс және құрастыру орталығы;  
Рөлдік-ойын орталығы;  
Танымдық-эксперименттік орталық;  
Кітап және тіл дамыту орталығы;  
Өнер және шығармашылық орталығы;  
Табиғат бұрышы.

Орталықтардың баланың еркін қозғалуына ыңғайлы, жарық әрі қауіпсіз жерде орналасуы қажеттігі айтылды.

**Талқыланды:** Тәрбиешілер мен мамандар дамыту орталықтарын ұйымдастыруда тәжірибеде кездесетін қиындықтар мен оларды шешу

жолдары туралы өз пікірлерін білдірді. Инновациялық технологияларды қолдану арқылы дамыту орталықтарын жаңғырту жолдары қарастырылды. Интерактивті құралдар, дидактикалық ойындар, ұлттық құндылықтарды қамтитын материалдарды пайдалану тиімділігі талқыланды.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы әдістемелік отырыста күн тәртібі мәселелерін тыңдап, талқылай келе, қаулы етті.

### Қаулы :

1. Топтарда заттық-пәндік дамыту орталықтарын мемлекеттік стандарт талаптарына сай жүйелі түрде ұйымдастыру.
2. Әр дамыту орталығын балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес толықтыру және жаңартып отыру. Қауіпсіздік талаптарының қатаң сақталуын қамтамасыз ету.

Төрайым:



А.Г Уртамбаева

Хатшы:

А.Ж Ахметова

## ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

### Хаттама №2

Өткізілген күні: 16.02.2024 жыл

Қатысқандар: 25

### Әдістемелік кеңестің №2 отырысы

#### *Күн тәртібінде:*

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Мектепке дейінгі балалардың дамуында сюжетті-рөлдік ойындардың маңызы
3. Ұйымдастырылған оқу қызметінде және күн тәртібінде сюжетті-рөлдік ойындарды тиімді қолдану жолдары. Тәрбиешілер тәжірибесінен.

**1. Сөз сөйледі:** Балабақша әдіскері А.Ж Ахметова өткен кеңестің шешімдері бойынша топтарда заттық-пәндік дамыту орталықтарын мемлекеттік стандарт талаптарына сай жүйелі түрде ұйымдастырылып, жұмыстар жүріп жатыр. Тәрбиешілер әр дамыту орталығын балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес толықтырып, жаңартып отырғандарын айтты.

**2. Тыңдалды:** Балабақша әдіскері А.Ж Ахметова Сюжетті-рөлдік ойындар баланың тұлғалық дамуының негізі. Ол баланың ақыл ойын, сөйлеу тілін, шығармашылық қабілетін және әлеуметтік дағдыларын дамыта отырып, оны мектепке және қоғамға бейімдейді. Сюжетті-рөлдік ойындардың балалардың әлеуметтік, тілдік, танымдық, эмоционалдық және шығармашылық дамуына тигізетін ықпалы атап өтілді. Балалар ойын барысында өзара қарым-қатынас жасап, ересектердің іс-әрекетін бейнелеп, түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгереді. Бұл ойын түрі баланың қиялын, сөйлеу мәдениетін, дербестігін және ұжымда әрекет ету дағдыларын қалыптастырады.

**3. Тыңдалды:** тәрбиеші А. Садуова ұйымдастырылған оқу қызметінде және күн тәртібінде сюжетті-рөлдік ойындарды тиімді қолдану жолдары туралы өз тәжірибесімен бөлісті. Сюжетті-рөлдік ойындарды күнделікті оқу қызметінде, еркін ойын уақытында, серуен кезінде ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылды. Ойын ортасын жасақтау, ойын атрибуттарын дұрыс тандау, баланың жас ерекшелігін ескеру қажеттігі айтылды.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы әдістемелік отырыста күн тәртібі мәселелерін тыңдап, талқылай келе, қаулы етті.

**Қаулы:**

1. Сюжетті-рөлдік ойындарды барлық жас топтарында жүйелі түрде ұйымдастыру.
2. Топтарда сюжетті-рөлдік ойындарға арналған дамыту ортасын толықтыру(ойыншықтар, атрибуттар, костюмдер)

Төрайым:  А.Г Уртамбаева  
Хатшы:  А.Ж Ахметова



# ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

## Хаттама №3

Өткізілген күні: 19.04.2024 жыл

Қатысқандар: 21

Әдістемелік кеңестің №3 отырысы

*Күн тәртібінде:*

*1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.*

*2. Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімділігі.*

*3. Патриоттық тәрбие беруде қолданылатын әдіс-тәсілдер мен жұмыс түрлері және патриоттық тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәжірибесі.*

**1. Сөз сөйледі:** Балабақша әдіскері А.Ж Ахметова өткен кеңестің шешімдері бойынша сюжетті-рөлдік ойындарды барлық жас топтарында жүйелі түрде ұйымдастыру туралы қабылданған шешімі белгіленген жоспарға сәйкес орындалды. Балабақшаның барлық жас топтарында сюжетті-рөлдік ойындар күн тәртібіне сай жүйелі түрде ұйымдастырылып, балалардың жас ерекшеліктері ескерілді. Топтарда ойын бұрыштары толықтырылып, сюжетті-рөлдік ойындарға арналған атрибуттар жаңартылды.

**2.Тыңдалды:** Балабақша әдіскері А.Ж Ахметова мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің маңызы туралы баяндама жасады. Баяндамада патриоттық тәрбие – баланың туған жеріне, еліне, отбасына, мемлекеттік рәміздерге, ұлттық салт-дәстүрге сүйіспеншілігін қалыптастырудың негізі екені атап өтілді. Балабақша жасындағы балаларда патриоттық сезімдерді қалыптастыру ойын, көркем әдебиет, ән-күй, ұлттық ойындар, мерекелік іс-шаралар арқылы тиімді жүзеге асатыны айтылды.

**3.Сөз сөйледі:** Тәрбиешілер Сариева М. А мен Исмагулова Ж. Ж патриоттық тәрбие беру барысында өз тәжірибелерімен бөлісті. Балаларға Қазақстан Республикасының рәміздері, туған өлке, табиғат, ұлттық құндылықтар туралы түсініктерді жас ерекшелігіне сай жеткізудің маңыздылығы атап өтілді.

Психолог Айжанова А патриоттық тәрбиенің бала тұлғасының эмоционалдық және әлеуметтік дамуына әсері туралы айтты. Балалардың отансүйгіштік сезімдері біртіндеп, жүйелі түрде қалыптасатыны, бұл жұмыста ата-анамен бірлескен әрекеттің маңызы зор екені көрсетілді. Музыка жетекшісі Зинегүл Манайқызы патриоттық бағыттағы әндер мен музыкалық іс-әрекеттердің тәрбиелік мүмкіндіктері туралы баяндады. Дене шынықтыру нұсқаушысы Игілікова Г ұлттық ойындар арқылы балалардың туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру жолдарын ұсынды.

Қаулы:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
2. Әр топта патриоттық бағыттағы ойындар, әңгімелер, көркем шығармалар, ұлттық мерекелерді қамтитын іс-шаралар жоспары жасалсын.

Төрайым:  А.Г. Уртамбаева  
Хатшы:  А.Ж. Ахметова

